

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫ**

**Негізгі есепке алу құжаттарын
жүргізудің әдістемелік ұсынымы**

Құрастырушы:
Директордың
орынбасары: Ұзақпаева Қ.Ж.

Ақмола облысы
мұрағаттар мен құжаттамалар
басқармасының СТӨК
хаттамасының келісімімен
10 маусым 2015 № 10

Ақмола облысы
мемлекеттік мұрағатының
СК хаттамасының келісімімен

20 маусым 2015 № 4

Мазмұны

Кіріспе	3
1. Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын және басқа да мұрағат құжаттарын есебін жүргізу тәртібі.....	3-4
2. Негізгі есепке алу құжаттары.....	4-5
2.1. Құжаттардың келіп түсуін есепке алу кітапшасы.....	5
2.2. Қордың тізімі.....	5-6
2.3. Қор парағы.....	6-7
2.4. Дыбыс – бейнелік құжаттарды есепке алу парағы.....	7
2.5. Істер, құжаттар тізімдемесінің тізілімі.....	7-8
2.6. Тізімдеме тізілімі.....	8
2.7. Қордың ісі.....	9
2.8. Істің куәландырушы парағы.....	9
2.9. Іс құжаттарының ішкі тізімдемесі.....	9
2.10. Қосымшасында құнды металдар мен тастары бар істерді есепке алудағы инвентарлы кітапша.....	10
2.11. Мұрағат қоймасының төлқұжаты.....	10
2.12. Қазақстан Республикасының ұлттық құндылығы объектілеріне жататын құжаттар баяндамасы және есепке алу парағы.....	10
2.13. Аса құнды құжаттардан тұратын қор тізімі.....	10-11
2.14. Аса құнды істер, құжаттар тізімдемесі немесе аса құнды істер нөмірінің тізімі.....	11
2.15. Аса құнды істер тізімдемелерінің тізілімі.....	11
2.16. сақтандыру және пайдалану қорының келіп түсуін есепке алу кітапшасы.....	11-12
2.17. Сақтандыру қорының тізімдемесі.....	12
3. Қосалқы есепке алу құжаттары.....	12-13
Қортынды.....	13
Қысқарған сөздердің тізімі.....	13-14
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	14
Қосымшалар.....	14-46

Негізгі есепке алу құжаттарын жүргізудің әдістемелік ұсынымы

Кіріспе

Құжаттарды дұрыс сақтаудың ең маңызды шарттарының бірі құжаттарды есепке алу. Қазіргі кезде негізгі құжаттарды есепке алудың жүйелігін, функцияларын және жүргізу тәртібін зерделеп үйренуге деген қажеттілік арта түсті. Құжаттарды есепке алу тақырыбы әруақытта өзекті мәселе.

Ұлттық мұрағат қорындағы құжаттарды және басқа мұрағаттық құжаттарды есепке алу- есепке алуды ұйымдастыру бірлігінің санын анықтау және осы санын есепке алынған құжаттарда көрсету.

Мемлекеттік мұрағаттарда құжаттарды есепке алу оларды сақтаудың бірден – бір құралы және олардың бар болуы мен жай-күйін бақылауды, құжаттарын белгілі бір кешен бойынша жіктеуді ұйымдастыруды және мекенжайын іздестіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Мұрағатта құжаттарды есепке алу жұмыстың орталықтандыруды, бір ізге келтіруді, серпінділікті, толықтылықты, дұрыстықты қажет етеді және сабақтастық принциптері негізінде құрылады да, барлық сатысында осылай жүреді.

Есепке алуға мыналар: мұрағатта сақтаулы мұрағаттық құжаттар, оның ішінде тізімдемеге енбеген және берілген мұрағат бағытына жатпайтын құжаттар, сонымен қатар мұрағаттық құжаттардың сақтандыру көшірмелері және пайдалану қорының, құжаттар мен істің тізімдемесінің көшірмесі;

Ұлттық мұрағат қорының құжаттары, сонымен қатар мұрағатты толықтыру көздеріндегі сақтаулы жеке құрам бойынша құжаттар жатады.

Бұл әдістемелік ұсынымның негізгі міндеті - мемлекеттік мұрағат қызметкерлеріне негізгі есепке алу құжаттарын жүргізу үшін көмек.

Әдістемелік ұсыным кіріспеден, үш бөлімнен және қортынды бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімде мұрағаттық мекемелердегі есепке алу құжаттарының міндеті қаралды. Бірінші бөлімде Ұлттық мұрағат қорындағы есепке алу құжаттарын жүргізудің тәртібі ұсынылған. Екінші бөлімде негізгі есепке алу құжаттың түрлеріне нақты сипаттама берілген, негізгі есепке алу құжаттарын жүргізу тіртібі қолданбаны көрсетуі арқылы сілтеме жасалған.

1. Ұлттық мұрағат қорындағы құжаттарды және басқа мұрағаттық құжаттарды есепке алу

Мемлекеттік мұрағатта құжаттарды негізгі және қосалқы есепке алу барысында жүргізіледі. Құжаттарды негізгі есепке алуды жүргізу әр мемлекеттік

мұрағатқа міндетті. Қосалқы есепке алуды жүргізу әр мемлекеттік мұрағатта мұрағат басшылығымен анықталады.

Есепке алу мұрағаттық құжаттарға (сақтау бірліктеріне/есепке алу бірліктеріне) мұрағат шифрінің құрамдас бөлігі болып табылатын есепке алу нөмірін беру жолымен іске асырылады.

Мұрағаттық шифр (әрбір сақтау бірлігінің тіркелуін және сәйкестендірілуін қамтамасыз ету мақсатында қойылатын белгі) келесі элементтерден тұрады: қысқартылған мұрағат атауынан (оның ресми қысқартылған түрі) және нөмірінен; мұрағат қорынан, құжаттар, істер тізімдемесінен, сақтау бірліктерінен, есепке алу бірліктерінен тұрады.

Мұрағатта мұрағаттық құжаттарды есепке алуды арнайы бөлімшелер (бөлімдер) жүргізеді немесе арнайы бөлінген қызметкерге жүктеледі. Есепке алу құжаттарына жазбаны тек есепке алуға жауапты қызметкер ғана жүзеге асыра алады. Мұрағаттық құжаттарды есепке алу қағидасы мен кестесі мұрағатта әзірленеді және мұрағат басшысының бұйрығымен бекітіледі. Мұрағаттық құжаттарды есепке алудың графикалық нысандағы кестесі есепке алу тәртібін белгілейді (қолданба).

Құжаттар, істер тізімдемесінен басқа есепке алу құжаттары қызметтік пайдалануға арналған және пайдаланушыларға берілмейді. Жекелеген жағдайларда мұрағат басшысының шешімімен қордың ісі берілуі мүмкін.

2.Негізгі есепке алу құжаттары

Осы Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын, басқа да мұрағат құжаттарын мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік мұрағаттардың толықтыруы, сақтауы, есепке алуы мен пайдалануы қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 1604 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

Негізгі есепке алу құжаттары мыналар:

- 2.1. Құжаттардың келіп түсуін есепке алу кітапшасы
- 2.2. Қордың тізімі
- 2.3. Қор парағы
- 2.4. Дыбыс – бейнелік құжаттарды есепке алу парағы
- 2.5. Істер, құжаттар тізімдемесінің тізілімі
- 2.6. Тізімдеме тізілімі
- 2.7. Қордың ісі
- 2.8. Істің куәландырушы парағы
- 2.9. Іс құжаттарының ішкі тізімдемесі

- 2.10. Қосымшасында құнды металдар мен тастары бар істерді есепке алудағы инвентарлы кітапша
- 2.11. Мұрағат қоймасының төлқұжаты
- 2.12. Қазақстан Республикасының ұлттық құндылығы объектілеріне жататын құжаттар баяндамасы және есепке алу парағы
- 2.13. Аса құнды істер, құжаттар тізімдемесінің тізілімі
- 2.14. Аса құнды істер, құжаттар тізімдемесі немесе аса құнды істер нөмірінің тізімі
- 2.15. Аса құнды істер тізімдемелерінің тізілімі
- 2.16. Сақтандыру және пайдалану қорының келіп түсуін есепке алу кітапшасы
- 2.17. Сақтандыру қорының тізімдемесі

2.1. Құжаттардың келіп түсуін есепке алу кітапшасы

Мұрағатқа келіп түскен әр құжатты есепке алу үшін, сонымен қатар белгілі хронологиялық уақыт аралығында сақтауға келіп түскен мұрағаттық құжаттардың құрамы мен саны олардың жағдайы туралы құжаттардың келіп түсуін есепке алу кітапшасында жазылады. Бұл кітапшада - мұрағаттық әр құжаттың алғаш және қайта келіп түскендігі туралы ыждағаттылықпен енгізіліп отырады. «Қордың аты» атты бесінші графада сол кезеңде құжаттарды қабылдаған қор құрушының мекемесінің толық аты жазылады. Есептік жыл шегінде әрбір келіп түскен құжатқа жалпы жүйеде реттік нөмір беріледі. Егер құжат қорға алғаш рет келіп түссе, онда қор нөмірі құжаттардың келіп түсуін есепке алу кітапшасында қордың тізімінің нөмірінен кейін беріледі. Егер келіп түскен материал мұрағаттағы болған қордың бір бөлімі болса, кітаптың соған сәйкес графасында қордың бұрын берілген нөмірі көрсетіледі. Жыл сайын жаңадан келетін жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша жыл бойына келіп түскен мұрағаттық құжаттар санының қорытындысы жүргізіледі (2-ш қосымша).

2.2. Қордың тізімі

Қорлардың тізімі мұрағаттық қор мұрағатқа алғашқы келіп түскен кезде бір рет қана жазылады. Қорлардың тізімі бойынша оған кезекті нөмірі беріледі. Қор тізімі бойынша мұрағаттық қорға берілген нөмір оның есепке алу нөмірі болып табылады.

Мұрағаттық қорды есепке алу үшін жалпы дәйектілікпен нөмірлер пайдаланылады, сондай-ақ «еркін нөмірлер» – мұрағаттық қордың, белгіленген тәртіппен жойылуға бөлінген немесе ертеректе пайдаланылмаған біріктірілген мұрағаттық қорлардың құрамына енгізілген мұрағаттық құжаттардың нөмірі де пайдаланылады.

Жоғалған, басқа мұрағаттарға берілген мұрағат қорларының, сондай-ақ біріктірілген мұрағат қорының құрамына кіретін мұрағат қорларының нөмірі, бұрын пайдаланылған мұрағаттық құжаттардың нөмірі жаңа түскен мұрағат қорына қайта берілмейді.

Мұрағаттық қордың атауы тарихи анықтаманың негізінде немесе істер, құжаттар тізімдемесінің титулдық парағы негізінде қор тізіміне енгізіледі.

Мұрағаттық жеке тектік қордың атауы тұлғаның тегі мен аты-жөнінен, оның лақап атынан, титулынан, рангісінен, атағынан тұрады.

Жыл сайын келетін жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша қор тізіміне жыл бойы келіп түскен және шығарылған мұрағаттық қорлардың саны туралы, сақтаудағы мұрағаттық қордың жалпы саны туралы қорытынды жазба жасалады.

Қор тізімі қатты қаптамамен қапталады, парақтар нөмірленеді, куәландырушы парақ жасалады.

(Қосымша 3).

2.3. Қор парағы

Қор парағы қорға алғаш түскеннен бастап жүргізіледі, жаңадан түскенде толықтырылып отрады.

Қор парағы зақымданған жағдайда немесе мұрағат қоры көлемін және нақты жағдайын көрсете алмаған жағдайда, мұрағат қоры қайта жасақталған немесе біріккен мұрағаттық қор жасақталған жағдайда қор құрушының мұрағатын анықтау барысында қайта құралады. Қор парағы қайта құралған жағдайда бастапқы қор парағы істің қорына алынады. Қордың екі парағының жоғарғы жағына қайта құрылған уақыты, есепке алуға жауапты тұлғаның қызметі көрсетіліп және қолы қойылып «Парақ қайта жасалды» деген белгі қойылады.

Егер қор парағында келесі жазбаға орын қалмаған жағдайда жалғасатын парақтар қосылып, жоғары жағына «Жалғасы, № _ қор, 2 парақ» деп жазылады. Бірінші парақта «жалғасы 2 бетте (3, 4, 5 тағы сол сияқты)» деп сілтеме көрсетіледі.

Қор парағы мұрағат қоры нөмірі реттілігімен папкаларда сақталады. Әрбір папкаға мұрағаттық қордың алғашқы және соңғы нөмірлері көрсетілген және мұрағат қорының жалпы саны көрсетілген куәландыру парағы жасалады және олар папкаға орналастырылады.

Қор парағы мынадай негізгі талаптарды сақтай отыра толтырылады: «Қорға алғашқы түскен күні» графасында қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес сол мұрағатта қорға бірінші түскен күні көрсетіледі.

«Қордағы барлық қайта атаулар және олардың алдыңғы және соңғы күні» графасында сол уақытта құжаттың бар-жоғына қарамастан әр мекеменің астына бар екендігінің алғашқы және соңғы күндері жазылады. Біріккен мұрағаттық қорлар үшін қызмет барысында құрылған объект немесе мекемеге бағынатын, аталған объектінің күні көрсетіледі немесе сәйкес келетін басшы орган, біріккен мұрағаттық қорлар үшін, мақсаттары ұқсас біртептегі мекемелердің құжаттарынан құралған, өз кезегімен бірін-бірі ауыстыратын- біреуінің құрылған күні ерте болып, екіншісінің таратылған күні соңғы болатын мекемелер. Егер мекеме жұмыс істеуін жалғастырса, онда соңғы күні

қойылмайды. Жеке тектік қордың атауы графасында қор құрушының туған жылы жазылады.

Барлық күндер үш араб цифрларымен қойылады, мысалы: 12.01.2000.

«Қордың атауы» графасында хронологиялық кезекпен барлық қор құрушы мекемелердің аттары — сол уақыттағы құжаттарының барлығына қарамастан құрылған күнінен бастап көрсетіледі. Біріккен мұрағаттар қоры үшін қордың қысқартылған аты, «Тізімдеменің атауы» графасындағы қор парағында барлық қор құрушы- мекемелердің аты жазылады, біріккен қордың құрамына құрылған кезден бастап түзілген құжаттары кіреді. Қор құрушы — мекемелердің аттарының келесі өзгеруі қор парағында қабылданып алынған уақыт шеңберіндегі мұрағат құжаттарының қорында көрсетіледі.

«Қордың мекенжайы» графасында қор қандай мемлекеттік мұрағатта сақталғандығы көрсетіледі. (4-ші қосымша).

2.4. Дыбыс – бейнелік құжаттарды есепке алу парағы

Дыбыс – бейнелік құжаттарды есепке алу парағы мұрағаттық құжаттары қордан тыс - бөлек кинофотофоно және бейнеқұжат түрлеріне жүргізіледі. Дыбыс-бейнелік құжаттар тізімдемесін есепке алу және нөмірлеу қор парағын нөмірлеу мен сақтау тәртібіне жүргізіледі. (5-ші қосымша).

2.5. Істер, құжаттар тізімдемесінің тізілімі

Істер, құжаттар тізімдемесіне есепке алу нөмірлері қор парақтарына қарай беріледі; ұйымдардың мұрағаттық құжаттары қорға жинақталмаған жағдайда — дыбыс-бейнелік құжаттардың арнайы түрінің есепке алу парақтарына қарай беріледі. Құжаттар тізімдемесі істер жүргізу мекемесінде және ведомстволық мұрағатта жүргізіледі. Бұрын құжаттар тізімдемесінде болмаған, қайта өңдеу процесінде өңделген мемлекеттік мұрағатқа келіп түскен құжаттарға тізімдеу жасалады. Тізімдеу процесі істерді тізімдеу карточкасынан алынады. Карточка схемамен жүйеленіп, редакцияланды және тізімдемелер рәсімделді.

Істер, құжаттар тізімдемесінің барлық данасында соңына қорытынды жазба жазылады. Ол жазбада сақтаудағы сақтау бірліктері/есепке алу бірліктерінің саны, тізімдемеге қарай тіркелген сақтау бірліктерінің/есепке алу бірліктерінің алғашқы және соңғы нөмірлері көрсетіледі, түсіп қалған нөмірлерге, литерлі нөмірлерге, шығып қалған бірліктерге және шығуға негіз болған жағдай түсіндіріледі.

Өртүрлі тасығыштарда сақтау бірліктері/есепке алу бірліктері бар жеке тектік мұрағат қорының тізімдеме ісінің қорытынды жазбасында қосымша сақтау бірліктері/есепке алу бірліктерінің саны көрсетіледі.

Әртүрлі тасығыштарда сақтау бірліктері/есепке алу бірліктері бар жеке тектік мұрағат қорының тізімдеме ісінің қорытынды жазбасында қосымша сақтау бірліктері/есепке алу бірліктерінің саны көрсетіледі.

Мұрағаттық қор келіп түскенде немесе шығарылғанда құжаттар, істер тізімдемесіне жаңа қорытынды жазба жасалады және ол жазбаға жасаушының қызметі және жасаған уақыты көрсетіліп, қолы қойылады.

Егер құжаттар, істер тізімдемесі бірнеше жылдық бөліктерден, томдардан тұратын болса, қорытынды жазбадан тұратын әрбір жыл бөліктеріне, томдарына жасалады; бұдан басқа әрбір келесі жылдық бөліктерге, томдарға өсім тәртібімен қорытынды жазба жасалады.

Мұрағаттық қор келіп түскенде немесе шығарылғанда құжаттар, істер тізімдемесіне жаңа қорытынды жазба жасалады және ол жазбаға жасаушының қызметі және жасаған уақыты көрсетіліп, қолы қойылады.

Егер құжаттар, істер тізімдемесі бірнеше жылдық бөліктерден, томдардан тұратын болса, қорытынды жазбадан тұратын әрбір жыл бөліктеріне, томдарына жасалады; бұдан басқа әрбір келесі жылдық бөліктерге, томдарға өсім тәртібімен қорытынды жазба жасалады.

Әрбір істер, құжаттар тізімдемесінде, құжаттар, істер тізімдемесінің куәландырушы парағы болуы тиіс.

Аяқталған құжаттар, істер тізімдемесінде әдеттегідей, 9999 сақтау бірліктерінен/есепке алу бірліктерінен артық болмауы тиіс. Келесі тізімдемелер реттік нөмірімен беріліп отырады.

Қайта құру (тарату) барысында жасалған құжаттар, істер тізімдемесі істер мен құжаттардың жалпы санына қарамастан сәйкес келетін істер жиынтығын аяқтайды.

Мұрағатта құжаттар, істер тізімдемесінің 3 данасы болуға тиіс, оның біріншісі сақтандыру болып табылады.

(6-шы қосымша).

2.6. Тізімдеме тізілімі

Тізімдеменің тізілімі бойынша істер, мұрағат құжаттары тізімдемесіне жеке және жалпы есепке алу жүргізіледі. Мұрағатта есепке алу жұмыстарының ұйымдастырылуына байланысты тізімдеме тізілімін мемлекеттік мұрағаттардың немесе жалпы мұрағаттың қоймасы шеңберінде жүргізіледі. Әрбір жаңа құжаттың, істің, құжаттардың тізімдемесіне тізілім бойынша кезекті реттік нөмір беріледі және нөмір істер, құжаттар тізімдемесінің сыртқы жағына, сол жақтағы жоғарғы бұрышқа жазылады.

Жыл сайын келетін 1 қаңтардағы жағдай бойынша тізімдеме тізілімінде жыл бойына мұрағатқа келіп түскен және шығарылған істер, құжаттар тізімдемесінің саны жөнінде және жалпы көлемі жөнінде қорытынды жазба жасалады.

(7-ші қосымша).

2.7. Қор ісі

Әр қорға қор ісі жүргізіледі. Қор түзушінің және мұрағат тарихы бойынша – тарихи анықтамалар, оған толықтырулар, құрамының өзгеруін және мұрағат қорының көлемін белгілеп отыратын актілер, қайта жасалғаннан кейінгі қор парақтары, құжаттарды қабылдап-алу актісі, табылуы туралы актілер, жойылатын, сақтауға жатпайтын құжаттарды бөліп алу актісі, түзетуге келмейтін зақымданған құжаттар туралы актілер, құжаттардың бар болуы және жай-күйі туралы және басқа да актілер жасалады жасалады.

Қор істері құжаттары куәландыру парағын жасай отырып, нөмірленуі тиіс, тігілген және қатты қаптамаға салынуы тиіс. Қор істеріне ішкі тізімдеме жасалады. Қор істері қор нөмірі реттілігімен сақталады.

(8-ші қосымша).

2.8. Істің куәландырушы парағы

Істің куәландырушы парағы істе парақтар санын есепке алу үшін және олардың нөмірленуінің ерекшелігін белгілейді. Істің куәландырушы парағы жеке бетте, нөмірленбей, істің соңында тігіледі. Істің куәландырушы парағында істің нөмірленген беттерінің саны цифрамен және жазба түрінде, қор істерінің ішкі тізімдеме беттерінің саны жеке парақта және нөмірленуінің ерекшелігі белгіленеді: пошталық қарым-қатынас айналысы; мөр және мөр таңбасы; фотоқұжаттар; желімденген беттер, зақымдалған құжаттар; белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қолтаңбалары және т.б. көрсетіледі. Құрамдағы өзгерістердің барлығы, істің жағдайы (зақымдану, құжаттардың түпнұсқасын көшірмемен аустыру, жаңа құжаттардың қосылуы) актіге сәйкес сілтеме істің куәландырушы парағында белгіленеді.

(9-шы қосымша).

2.9. Іс құжаттарының ішкі тізімдемесі

Ішкі тізімдеме жеке парақта белгіленген форма бойынша, іс құжаттарының реттік нөмірлерінің мәліметі, әр құжаттың ісінің индексі, күні, істің тақырыбы мен реттік нөмірлері, ескертулері осында берілген.

Іс құжаттарының ішкі тізімдемесінде қортынды жазба, онда цифрмен және жазба үлгісінде, кірген құжаттардың саны мен ішкі тізімдеме санының беттері көрсетілген.

Ішкі тізімдемеде оны құрастырушының қолтаңбасының толық жазылуымен қол қойылып, атқаратын қызметі және тізімдеменің құрастырылған күні көрсетіледі.

Ішкі тізімдеме жеке нөмірленеді.

(10-шы қосымша) .

2.10. Қосымшасында құнды металдар мен тастары бар істерді есепке алудағы инвентарлы кітапша

Қосымшасында құнды металдар мен тастары бар істерді есепке алудағы инвентарлы кітапша

Қосымшасында құнды металдар мен тастары бар істерді есепке алудағы инвентарлы кітапшасы – осындай істердің құрамы мен жағдайын жеке және жалпы есепке алу туралы. Аса құнды істер, құжаттар тізімдемесі түгендеу есеп кітапшасының қосымшасына сәйкес) қордың реттік нөмірімен және істер нөмірінің тізімдемесімен, ал әр ішкі тізімдемеде – істер реттік нөмір берілген.

(11-ші қосымша) .

2.11. Мұрағат қоймасының төлқұжаты

мұрағат қоймасының төлқұжаты (еркін түрі) – берілген мұрағат қорының мұрағат қоры мен мұрағат құжаттарын жалпы есепке алу жыл сайын мұрағаттық қормен және берілген мұрағат қоймасының мұрағаттық құжаттары мен мұрағаттық қордың жиынтық есебі үшін құрады.

Төлқұжат әр қоймада жүргізіледі, ол жеті бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде - мұрағат қоймасының тұрған жері мен оның үймеретіне сипаттама беріледі; екінші бөлімде - техникалық жарақтауға – күзет жүйесіне, өрт сөндіріу құралдарына, температуралық-ылғалдылық режимін өлшеу құралының бар жоғы туралы мәлімет; үшінші бөлімде – қор мен істің санат бойынша жалпы саны, берілген істің саны; төртінші бөлімде – құжаттардың физикалық жағдайы; бесінші бөлімде тексерілген істердің саны туралы; алтыншы бөлімде сақтандыру қорының құрамы мен көлемі туралы; жетінші бөлімде – құжаттарда ГАА- тың құрамы мен көлемі туралы. Төлқұжатта құрастырушының лауазымы мен толтырылған күні көрсетіліп, қолы қойылады.

(13-ші қосымша).

2.12. Қазақстан Республикасының ұлттық құндылығы объектілеріне жататын құжаттар баяндамасы және есепке алу парағы

Қазақстан Республикасының ұлттық құндылығы объектілеріне жататын құжаттар баяндамасы және есепке алу құжаттарын есепке алу парағы және сипаттау ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Қазақстан Республикасының ұлттық құндылығы объектілеріне жататын құжаттар баяндамасы және есепке алу жұмыстары Ақмола облысы мемлекеттік мұрағатында жүргізілмейді.

(13-ші қосымша).

2.13. Аса құнды істер, құжаттар тізімдемесінің тізілімі

Аса құнды құжаттарға есеп жүргізу аса құнды істер, құжаттар тізімдемесінің тізілімі бойынша немесе аса құнды істер тізбесінің нөмірімен (нөмірліктерімен) жүргізіледі.

Аса құнды істердің, құжаттардың тізімдемесі мұрағат қорындағы істер мен құжаттардың бір немесе бірнеше тізімдемесіне, аталмыш тізімдемедегі аса құнды

сақтау бірлігінің/есепке алу бірлігінің санына байланысты, мұрағатқа қажет данада аса құнды құжаттарға жасалады.

Егер құжаттар, істер тізімдемесіндегі мұрағаттық құжаттардың көптеген бөлігі аса құнды болып саналатын болса, аса құнды құжаттардың, істердің жеке тізімдемесі жасалмай, алдыңғы тізімдеме көшіріледі. Бұл жағдайда оған нөмірлік жасалады.

Сақтандыру қорын жасау мақсатында аса құнды құжаттарды, істерді көшіру туралы мәліметтер тиісті құжаттар, істер тізімдемесіне немесе олардың сақтандыру көшірмелерін жүргізгеніне қарай нөмірліктерге енгізіледі.

Қорытынды жазбада тізімдемеге немесе нөмірлікке енгізілген аса құнды сақтау бірліктері/есепке алу бірліктерінің жалпы саны көрсетіледі. Барлық сақтау бірліктері/есепке алу бірліктері көшіріліп біткен соң берілген тізімдеме немесе нөмірлікке: «Барлық сақтау бірліктері/есепке алу бірліктері көшірілді, уақыты, қызметі, қолы» көрсетіледі.

2.14. Аса құнды істер, құжаттар тізімдемесі немесе аса құнды істер нөмірінің тізімі

Аса құнды істер табылған нөмірінің тізімі негізінде аса құнды істер, құжаттар тізімдемесі немесе аса құнды істер нөмірінің (нөмірліктің) тізімі жасалады.

Сақтандыру қорын жасау мақсатында аса құнды құжаттарды, істерді көшіру туралы мәліметтер тиісті құжаттар, істер тізімдемесіне немесе олардың сақтандыру көшірмелерін жүргізгеніне қарай нөмірліктерге енгізіледі.

Басқа есепке алу құжаттарында «АҚҚ» белгісі мұрағаттық қордың нөміріне, құжаттар, істер тізімдемесі нөміріне қойылады; бұл белгі қызметтік болып табылады және сақтау бірліктері/есепке алу бірліктерінің мұрағаттық шифрына кірмейді.

(15-ші қосымша).

2.15. Аса құнды істер тізімдемесінің тізілімі

Аса құнды істерді есепке алу аса құнды істер тізімдемесінің тізілімі бойынша жүргізіледі. Жыл сайын келетін 1 қаңтардағы жағдай бойынша тізімдеме тізілімінде жыл бойына мұрағатқа келіп түскен және шығарылған аса құнды істер, құжаттар тізімдемесінің жыл бойы келіп түскен, есептен шыққан құжаттардың саны және жалпы көлемі жөнінде іс жүргізген қызметкердің лауазымы, қолы, қолдың толық жазылуы, толтырылған күні көрсетіледі.

(16-шы қосымша).

2.16. Сақтандыру және пайдалану қорының келіп түсуін есепке алу кітапшасы

Сақтандыру қорын есепке алуды жүргізу пайдалану қорының келіп түсуін есепке алу кітапшасы бойынша жүргізіледі. Сақтандыру қорының келіп түскенін немесе шығарылғанын есепке алу сақтандыру қорының және пайдалану қорының көшірмесін дайындауға тапсырыс негізінде, сақтандыру көшірмелерін арнайы сақтауға қабылдау-тапсыру актісі және басқа актілердің негізінде жүзеге асырылады. Жыл сайын келген құжаттарды есепке алу кітапшасына қорытынды жазба жазылады. Сақтандыру және пайдалану қорының келіп түсуін есепке алу кітапшасы жеке шағынфиша және орама үлдірде жүргізіледі.

Рулонды үлдірдегі сақтандыру қоры және пайдалану қоры жалпылама (құжаттың қай қорға жататындығына қарамастан) келіп түскенде сақтандыру көшірмесін жасауға тапсырыс негізінде сақтандыру қорының әрбір сақтау бірліктері енгізіледі. Келіп түскен құжаттарды тіркеу кітабы бойынша (1-баған) сақтандыру қорының сақтау бірліктеріне мұрағаттық шифр құрамының бөлігі болып табылатын есепке алу нөмірі беріледі.

(17-ші қосымша).

2.17. Сақтандыру қорының тізімдемесі

Сақтандыру қорының тізімдемесі 3 дана болып жасалады. Бірінші данасы сақтандыру көшірмелерімен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағатына тапсырылады, екінші және үшінші данасы мұрағатта қалады. Құжаттар, істер тізімдемесіндегі «Ескерту» бағанында көшірмесі жасалынған сақтау бірлігінің/есепке алу бірлігінің қарсысына «СҚ» мөртабаны басылады. Егер көшірмесі жасалынған барлық құжаттар, істер тізімдемеге енгізілген болса, «СҚ» деген мөртабан тек титулдық параққа және құжаттар, істер тізімдемесінің қаптамасының сыртына қойылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық мәдени құндылық объектілеріне және аса құнды құжаттарға жататын сақтандыру қорындағы қағаз негіздегі рулонды үлдірдегі құжаттардың сақтау бірліктеріне/есепке алу бірліктеріне физикалық жекелеген микрофильмнің рулоны қабылданады.

(18-ші қосымша).

3. Қосалқы есепке алу құжаттары

Мұрағатта негізгі есепке алу құжаттарынан қосалқы есепке алу құжаттары жүргізіледі. Мұрағаттың қосалқы есепке алу құжаттары құрамына мыналар: карточкалар және қор қимылының кітапшасы, істер, құжаттар тізімдемесі, басқа мұрағатқа берілген құжаттарды есепке алу кітапшасы, жоюға бөлінген қорларды және құжаттарды есепке алу кітапшасы, құжаттарды түріне қарай есепке алу кітапшасы және тағы басқалар кіреді.

Мұрағат, құжаттарды есепке алу жүйесіне кіретін басқа да қосалқы есепке алу құжаттарын енгізуге құқылы.

Қосалқы есепке алу құжаттары қағаз және/немесе электронды тасығыштарда жүргізілуі мүмкін.

Қосалқы есепке алу құжаттарын жүргізуді әр мұрағат өзі шешеді.

Қортынды

Мұрағат жұмыстарын жүргізудің бөлінбейтін бөлшегі - мұрағаттық құжаттарды есепке алуды жүйелі түрде ұйымдастыру, ол мұрағаттық құжаттарды тез іздестіруді қамтамасыз етеді және оларды есепке алу, бар жоғын тексеруді қамтамасыз етеді.

Есепке алу құжаттары нысанға сәйкес қатаң түрде белгіленген ережеге бойынша жүргізілуі керек, әр баған дұрыс және айқын толтырылуы керек, қордың құрамындағы кез келген өзгеріс пен көлемін көрсету қажет. Өзгерістер барлық есепке алу құжаттарында бір мезгілде кіргізілуі қажет. Барлық есепке алу құжаттары физикалық жақсы жағдайда, ұқыпты жүргізілуі керек.

Дұрыс жүргізілген есеп мыналарды қамтамасыз етеді:

1. Құжаттардың сақталуын, жай-күйі мен бар жоғын бақылау;
2. Ғылыми-анықтамалық аппаратты құру, шолу, каталогтар;
3. Әр түрлі бағытта құжаттарды кең түрде қолдану
4. Уақытында мемлекеттік мұрағатты толықтыру
5. Мұрағат жұмыстарын нақты жоспарлау және олардың есебін беру.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
МҰРАҒАТТАР МЕН ҚҰЖАТТАМАЛАР
БАСҚАРМАСЫ
«АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АРХИВ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
УПРАВЛЕНИЯ АРХИВОВ И
ДОКУМЕНТАЦИИ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

020000, Көкшетау қаласы, Красная көшесі, 23
телефон 31 56 71, 3 1 56 60 факс: 31 56 71
e-mail: akmola_arch@mail.ru

020000, г. Кокшетау, ул. Красная, 23
телефон 31 56 71, 31 56 60 факс: 31 56 71
e-mail: akmola_arch@mail.ru

№

БҰЙРЫҚ

Г

ПРИКАЗ

Г

26 сәуір 2012 жыл
Көкшетау қаласы

№ 13
город Кокшетау

Мұрағаттық құжаттарды
есепке алудың ережесі мен
схемасын бекіту туралы

243-ші бапқа сәйкес Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын, басқа да мұрағат құжаттарын мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік мұрағаттардың толықтыруы, сақтауы, есепке алуы мен пайдалануы қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы «26» желтоқсандағы № 1604 қаулысымен бекітілген.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мұрағаттық құжаттарды есепке алудың ережесі мен схемасын бекіту (№ 1, 2 қосымшалар).
2. Негізгі құжаттарды есепке алуды жүргізудің жауапкершілігін құжаттарды мемлекеттік есепке алу және сақталуын қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Мұханбетқалиевқа Д.А. жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау директордың орынбасары Ұзақпаеваға Қ.Ж. жүктелсін

Негізі: Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын, басқа да мұрағат құжаттарын мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік мұрағаттардың толықтыруы, сақтауы, есепке алуы мен пайдалануы қағидалары.

Директор

Бұйрықпен танысты:

Қолы

Қолы

Күні: 27.04.2015

Г. Салық

**Мұханбетқалиев Д. А.
Ұзақпаева Қ. Ж.**

Мемлекеттік мұрағат директорының
2014 жылдың 24 сәуіріндегі
№ 1 бұйрығына қосымша

Мұрағаттық құжаттарды есепке алу ережесі

Құжаттарды есепке алу –сақтауға және олардың бар жоғын бақылауға құжаттарды бір жүйеге келтіруді ұйымдастыруды, мекен-жайы бойынша іздестіруді қамтамасыз етеді. Ақмола облысы мемлекеттік мұрағатында құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету және құжаттарға мемлекеттік есеп жүргізу бөлімі мұрағаттық құжаттарды есепке алу жұмыстарымен айналысады.

Негізгі есепке алу құжаттары мыналар:

1) құжаттардың келіп түсуін есепке алу кітапшасы– мұрағатқа келіп түскен барлық құжаттарды есепке алу үшін, сонымен қатар белгілі хронологиялық уақыт аралығында келіп түскен мұрағаттық құжаттардың құрамы мен саны; олардың жағдайы;

2) қордың тізімі – мұрағатқа сақтауға келіп түскен қорларды тіркеу, оларға нөмір беру, сақтаудағы және сақтаудан шығып қалған мұрағат қорының санын есепке алу;

3) қор парағы – мұрағат қоры шеңберінде құжаттар, істер тізімдемесінің саны мен құрамы және олардың нөмірленуін, мұрағаттық құжаттардың саны мен құрамын, олардың жағдайын, жалпы мұрағат қорында және құжаттар, істер тізімдемесіндегі өзгеру динамикасын, мұрағат қоры атауының өзгеруін жазуды есепке алу;

4) дыбыс-бейнелік құжаттарды есепке алу парағы – белгілі бір түрдегі қорға жинақталмағанда дыбыс-бейнелік құжаттар санын есепке алу; дыбыс-бейнелік құжаттар тізімдемесін есепке алу және нөмірлеу, олардың өзгеру динамикасы;

5) істер, құжаттар тізімдемесі – мұрағаттық құжаттарды жекелеп және жалпы тізімге алу, олардың жүйелілігінің ережесін бекіту, берілген тізімге енгізілген мұрағаттық құжаттардың құрамы мен көлемінде болған өзгерістерді есепке алу;

